



ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ-ҚАЗАҚСТАН ҚАТЫНАСТАРЫ: КЕҢЕЙТІЛГЕН СЕРІКТЕСТІК

2020 жылдың 1 наурызында Еуропалық Одақ (ЕО) пен Қазақстан арасындағы Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім (КСЫК) күшіне енді. Осылайша, КСЫК ЕО мен Қазақстан арасындағы қатынастардың негізін қалаушы құжатқа айналды. Аталмыш құжаттың күшіне енуі нәтижесінде Қазақстан ЕО-мен серіктестіктің жоғары деңгейіне жеткен Орталық Азиядағы алғашқы және жалғыз мемлекет болды. Қазақстан ЕО-ның аймақтағы ең ірі сауда серіктесі және ЕО Қазақстанның негізгі сауда-инвестициялық серіктесі екендігін ескере отырып, КСЫК-ның жүзеге асырылуы, сөзсіз, ЕО-Қазақстан қарым-қатынасындағы маңызды кезең болып табылатынына көз жеткізуге болады.

КСЫК күшіне енгенге дейін, ЕО-Қазақстан қарым-қатынастары 1995 жылы қаңтарда қол қойылып, 1999 жылы шілде айында күшіне енген Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісіммен (СЫК) реттелген еді. Тоғыз тараудан және 100 баптан тұрған жан-жақты құжат ретінде СЫК саяси диалог пен демократияны нығайтудың, сондай-ақ, сауда мен инвестицияны ілгерилету арқылы Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуіне қолдау көрсетудің институционалдық базасын құруға бағытталған еді. Бастапқы келісім жыл сайын автоматты түрде жаңару шартымен 10 жылға жасалған болатын.

ЕО-Қазақстан қатынастары жан-жақты дамып, СЫК сәтті жүзеге асырылғандықтан, тараптар туындаған саяси және экономикалық өзгерістерге сәйкес келу үшін қатынастарды жаңарту қажеттілігін түсінді. Нәтижесінде 2011 жылғы 27 маусымда Брюссель қаласында жаңа келісім бойынша келіссөздер басталып, екі тараптың өзара іс-қимылының ең жоғары тегі ретінде Қазақстан-ЕО ынтымақтастық кеңесі құрылды. Ортақ күш-жігермен 2015 жылы 21 желтоқсанда Астана қаласында КСЫК-ға қол қойылды. 2016 жылдың мамыр айынан бастап КСЫК-ның үштен екі бөлігі уақытша қолданылатын болды. ЕО-ға мүше барлық мемлекеттер мен Еуропалық Парламент КСЫК-ны бекіткеннен кейін 1999 жылғы келісім күшін жоюып, 2020 жылдың 1 наурызынан бастап КСЫК ЕО мен Қазақстан арасындағы қатынастардың іргесін қалайтын жалғыз құжатқа айналды.

Саясаттың 29 негізгі бағыты бойынша құқықтық базаны қамтамасыз ететін жаңа келісім кіріспеден, тоғыз бөлімнен, 287 баптан және бірқатар қосымшадан тұрады. КСЫК негізгі мақсаты – ЕО мен Қазақстан арасындағы саяси, сауда-экономикалық байланыстарды тереңдету және нығайту, сондай-ақ, ғылым-білім, инновациялар және жасыл технологиялар, көлік және логистика, энергетика және қоршаған ортаны қорғау сияқты ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын кеңейту.

Келісім ЕО-ның негізгі құндылықтары ретінде демократиялық қағидаларды, заң үстемдігін, тиімді басқаруды және адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге

ықпал ететін саяси диалогты кеңейтуге бағамдық береді. Экономикалық артықшылықтарға көбірек көңіл бөлген СЫК-мен салыстырғанда, жаңа келісім саяси серіктестік құруға және Қазақстандағы реформаларға іс жүзінде үлес қосуға бағытталған. КСЫК сонымен бірге Орталық Азияда тұрақтылықты сақтау мен қақтығыстардың алдын алу үшін маңызды болып табылатын тығыз аймақтық ынтымақтастықтың жағдайларын жақсартуға бағытталған. Осыған байланысты, тараптар сыртқы саясат пен қауіпсіздік салаларында анағұрлым тығыз ынтымақтастық орнатуды жоспарлап отыр. Экономикалық салада 2016 жылдың мамыр айынан бастап тараптар КСЫК «Сауда және кәсіпкерлік» бөлімін жүзеге асыра бастады. Атап айтқанда, КСЫК аясында Сауда бойынша ынтымақтастық комитеті және кеден, энергетика, көлік, қоршаған орта және климаттың өзгеруі жөніндегі кіші комитеттер жұмыс істейді. Сонымен қатар, саудадағы техникалық кедергілерді реттеу бойынша ынтымақтастықты нығайту және ашықтықты қамтамасыз ету туралы тарау алдағы ынтымақтастыққа септігін тигізбек. Санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық мәселелер бойынша, сондай-ақ, зияткерлік меншік саласындағы техникалық регламенттерді, стандарттар мен рәсімдерді жеңілдету және үйлестіру екіжақты сауданы кеңейтіп, Қазақстанның ЕО-ға мүше мемлекеттерге экспортын ілгерилетеді деп күтілуде. Бұған қоса, кедендік ынтымақтастық туралы тарауда кеден заңнамасын жеңілдіру және кедендік рәсімдерді жеңілдету тетіктері қарастырылған. Келісімдегі тағы бір маңызды жаңалық – мемлекеттік сатып алу туралы тарау. Бұл тарау коммерциялық сату және қайта сату мақсатында емес, тек мемлекеттік мақсаттардағы сатып алуларды реттейді. Алдыңғы келісімде мемлекеттік сатып алу туралы арнайы ереже болмағандықтан, бұл ынтымақтастықты неғұрлым кешенді түрде қолдайтын болады. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шетелдік жеткізушілерге ұлттық режимнің ұсынылуы туралы ереже Дүниежүзілік сауда ұйымының балама ережесіне сәйкес келгендіктен, бұл ереже «ДСҰ плюс» деп аталады. Бұл бөлім Қазақстанның ДСҰ-ға мүшелігіне ғана емес, сонымен қатар Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық одақ алдындағы міндеттемелеріне сәйкес әзірленді.

ЕО мен Қазақстан арасындағы сауда ынтымақтастығы тұрақты дамып келе жатқанын атап өткен жөн. КСЫК ережелерінің орындалуы тиімді және тең құқылы сауда ынтымақтастығына әкеледі. 2019 жылы екіжақты тауар айналымы 31,3 млрд долларға тең болды, бұл Қазақстанның жалпы тауар айналымының үштен бір бөлігін құрайды. 2005-2019 жылдары ЕО елдерінен тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 151 млрд долларға жетті, бұл Қазақстанға құйылған тікелей шетелдік инвестициялардың жартысына жуығын құрайды. Еуропалық компаниялармен бірлесіп жүзеге асы-

рылатын жалпы құны 9 млрд доллар болатын 20-ға жуық ірі инвестициялық жоба бар. Сонымен қатар, Қазақстанда Еуропаның қатысуымен 4 мыңнан астам компания және 2 мың бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.

Адамдар арасындағы байланыстар тағы бір маңызды жетістік болып табылады. Қазақстан мен ЕО азаматтары үшін виза рәсімдерін жеңілдету туралы келісім, сондай-ақ, реадмиссия туралы келісім бойынша келіссөздер өткізу мүмкіндігін қарастыру шарасы іске асырылған жағдайда жергілікті деңгейде ынтымақтастықты қолдауға септігін тигізбек. Сонымен қатар, табысы орташадан жоғары деңгейдегі ел бола отырып, Қазақстан әлеуетті дамыту жобаларына бағамдық беретін бағдарламалар аясында ЕО-дан қаржылық және техникалық көмек алуға құқылы. Азаматтық зерттеулер мен ғылыми-технологиялық дамудың барлық бағыттарындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ, Қазақстанның ғылыми-зерттеу субъектілерінің әлеуетін арттыру бойынша ынтымақтастықты кеңейту перспективалары академиялық қауымдастықты ынталандырады. ЕО тарапынан қаржыландырылатын ең танымал Эразмус+ бағдарламасы аясында қазақстандық студенттер мен оқытушыларға Еуропада білім алу үшін шамамен 2 мың грант бөлінгенін, ал еуропалық студенттерге Қазақстанда білім алу үшін 800 грант бөлінгенін айта кету керек.

Келісім аясында, ЕО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық кеңейтіліп, әртарапандырылады деп күтілуде. Нақтырақ айтсақ, көмірсутекті энергия, жаңартылатын энергия көздері, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу туралы уақытша қолданылған ережелер озық тәжірибелерге сәйкес бәсекеге қабылетті, ашық және кемсітпесіз энергетикалық нарықтарды реттеуші реформалар арқылы дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді деп күтілуде. Осы жерде айта кету керек, Қазақстаннан жеткізілімдер ЕО-ның мұнайға деген сұранысының шамамен 6%-ын және ЕО-ның уранға деген сұранысының 21%-ын құрайды. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау мен энергетика саласындағы тұрақты дамуға жәрдемдесу климатты қорғаудың жаһандық шараларына маңызды әсер етеді.

Жалпы алғанда, КСЫК алдағы онжылдықтардағы ынтымақтастық шарттарын анықтайтын негізгі құқықтық базаны ұсынады. Бұл тұрғыдан алғанда, ЕО мен ТМД елдері арасында алғашқы болып Қазақстанның КСЫК-ға қол қоюы тараптардың өзара әрекеттестік пен мүдделілік деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл аймақтағы басқа мемлекеттер үшін нұсқаулық бола алады, өйткені Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан тиісті келісімдерін жаңарту жолында екені белгілі. Бұған қоса, ЕО-ның Орталық Азия аймағына деген қызығушылығының артуы КСЫК тегі арқылы ынтымақтастықты жүзеге асыруды көздейтін 2019 жылы қабылданған ЕО-ның Орталық Азия бойынша жаңа стратегиясындағы ынтымақтастық бастамаларынан айқын көрінеді.

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирустың одан әрі таралуын болдырмау мақсатында карантин режимін бұзғандарға қатаң жазалау шараларын қолдану қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда, мемлекет басшысы қылмыстың өсуіне жол бермеу үшін қоғамдық орындарда патрульдік бақылауды күшейтуді тапсырды. Ол сонымен қатар медициналық қызметкерлерді, полицияларды және жедел жәрдем қызметкерлерін, сондай-ақ жұмыссыздар мен табысы төмен адамдарды қолдау шараларын жариялады (Ақорда, 23.03.2020).
- Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Гүлшара Әбдіқалықованы Қызылорда облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы жарлық шығарды. Осы өңірдің тұмасы Әбдіқалықова бұған дейін Мәжіліс депутаты, Премьер-министрдің орынбасары, Мемлекеттік хатшы, Президент кеңесшісі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметін атқарған. Ол Қазақстанда облыс басқарған тұңғыш әйел әкім болды (Информбюро, 28.03.2020).
- Ресей Президенті Владимир Путин теледидар арқылы халыққа жолдаған үндеуінде бастапқыда 2020 жылдың 22 сәуірінде өткізіліп жоспарланған Конституцияға өзгерістер енгізу жөнінде референдумның кейінге шегерілгенін жариялады. Путиннің айтуынша, бұл шешім коронавирустың таралуын тоқтату қажеттілігінен туындаған және жаңа дата пандемияның қалай орбитіне байланысты болмақ. Ұсынылған конституциялық өзгерістердің бірі президенттік мерзімге шектеулерді алып тастап, Ресей басшысының қайтадан президенттік сайлауға түсуіне мүмкіндік береді (Рейтер, 25.03.2020).
- COVID-19 ауруының таралуымен күресу үшін Қырғызстан Қытайдан тест жүйелері мен реагенттер, тиісті медициналық жабдықтар, медициналық қызметкерлерге арналған жеке қорғаныс құралдары, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық құралдар мен дезинфекциялық заттар түрінде гуманитарлық көмек көрсетуді сұрады. Қырғыз тарапы сонымен бірге қытайлық серіктестерден коронавирусқа қарсы күресте тәжірибе алмасу үшін медициналық мамандарды жіберуді сұрады (Қырғызстан СІМ, 28.03.2020).
- Әзірбайжан Министрлер кабинеті коронавирус инфекциясына қатысты жағдайды қарастырып, 2020 жылдың 24 наурызынан 20 сәуіріне дейін елде карантин режимін енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл шешімге сәйкес, 65 жастан асқан адамдарға көшеге шығуға тыйым салынады; Баку және Сумгаит қалаларына, сондай-ақ Ашерон ауданына кіру және шығу шектеледі; қалааралық жолаушылар тасымалы тоқтатылады; қоғамдық орындарда 10-нан астам адамға жиналуға тыйым салынады (Trend, 23.03.2020).
- Арменияда коронавирустық пандемияға байланысты жарияланған төтенше жағдайдан кейін Армения үкіметі Әзірбайжанның басып алынған Таулы Қарабақ аймағына кіруге уақытша тыйым салды. Бұл тыйым сонда тіркелген адамдарға, экспедиторларға, сондай-ақ, 2020 жылдың 31 наурызында өтетін президенттік және парламенттік сайлауды бақылайтын журналистер мен бақылаушыларға қатысты қолданылмайды (Sputnik, 26.03.2020).

Экономика, қаржы және энергия

- Moody's Investors Service өзінің соңғы есебінде мұнай бағасының құлдырауы мен коронавирустың экономикаға тигізген кері әсерінен Ресейдің 2020 жылға арналған ЖІӨ өсімінің болжамын 1,5%-дан 0,5%-ға дейін төмендетті. Сонымен бірге, Ресейдің қаржылық қорлары және саясаттың жақсаруы оның несиелік профилін айтарлықтай әлсіретпейді. Бұған дейін Мәскеу 2020 жылы мұнай мен газдан түсетін кірісі жоспарлы межеден 39,5 млрд долларға төмен болатынын мойындады, бұл бюджет тапшылығына әкеледі (OilPrice.com, 26.03.2020).
- Қазақстан Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов Азия даму банкінің (АДБ) президенті Масацугу Асакамен кездесіп, коронавирустың алдын алу шараларын талқылады. АДБ басшысы банктің Қазақстанға пандемиямен күресте бюджеттік қолдау, денсаулық сақтау саласына көмек және техникалық көмек көрсетуге дайын екендігін білдірді. Атап айтқанда, банк COVID-19 пандемиясынан кейін экономикада пайда болуы мүмкін салалар үшін жұмыс күшін қайта даярлау бойынша көмек бермек (Курсив, 26.03.2020).
- Коронавирустық пандемиядан туындаған жаһандық экономикалық құлдырау қайта құрылымдау жөнінде несиелермен келіссөздер жүргізуде. Елдің сыртқы қарызы шамамен 4 млрд долларды құрайды, оның негізгі несиелері Қытайдың Экспорт-импорт банкі, Дүниежүзілік банк және АДБ болып табылады. Қырғызстан экономикасы Ресейде жұмыс істейтін еңбек мигранттарының ақша аударымдарына аса тәуелді. Мұнай бағасының күрт төмендеуінен Ресей рублинің құнсыздануына байланысты Қырғызстанның ұлттық валютасы да қысымға ұшырайды (Рейтер, 23.03.2020).
- Коронавирус індетімен күресу үшін Халықаралық валюта қорынан (ХВҚ) жедел қаржылық көмек сұраған 80-нен астам мемлекеттің ішінде Қырғызстанның жедел несиелер беру туралы өтініші банк басқармасы тарапынан алғашқы болып қабылданды. 120,9 млн долларлық несиелер Қырғызстанның дағдарысқа байланысты шұғыл қаржылық қажеттіліктерін өтеуге жұмсалды. Алайда, елге бұдан көбірек көмек қажет болады, себебі оның төлем балансының тапшылығы шамамен 400 млн долларды құрайды (Рейтер, 27.03.2020).
- Украинадағы экономикалық жағдайдың нашарлауына байланысты Президент Владимир Зеленский ХВҚ 8 млрд долларға дейін жедел қаржылық көмек көрсетуге келіскенін, ал Дүниежүзілік банк пен Еуропалық қайта құру және даму банкі тағы 2 млрд доллар бөле алатынын жариялады. Алайда, көмек көрсету Украина парламентінің банктер мен жер нарығы туралы заңдарды қабылдауымен шартталған (Украинформ, 28.03.2020).
- Жүргізіліп жатқан реформалардың арқасында ауыл шаруашылығы Әзірбайжанда ең қарқынды дамып келе жатқан шикізаттық емес секторға айналды. 2020 жылғы қантар-ақпан айларында Әзірбайжан шамамен 388 млн долларды құрайтын ауылшаруашылық өнімдерін өндірді, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,6%-ға көп. Ауыл шаруашылығындағы жақсартулар нәтижесінде Әзірбайжан ауылшаруашылық өндірісінде өзін-өзі қамтамасыз ете алатын жағдайға жетті (AzarNews, 29.03.2020).

Қоғам және мәдениет

- Түркияның Қырғызстандағы елшілігі Түркияның Бішкек қаласындағы «Қырғыз-түрік достығы ауруханасын» COVID-19 эпидемиясына қарсы күресу үшін Қырғызстан Денсаулық сақтау министрлігіне бергенін хабарлады. Дипломатиялық миссияның пікірінше, коронавирусқа қарсы жаһандық күрес кезінде өзара қолдау және бірлескен іс-қимылдар аса маңызды. Түркия гранты есебінен салынған заманауи клиникада 72 орын, оның ішінде реанимациялық бөлімде 21 орын бар (24.kg, 25.03.2020).
- Өзбекстан Ішкі істер министрлігінің хабарлауынша, елдегі барлық пенитенциарлық мекемелерде карантин енгізіліп, тұтқындардың туыстарына бару тоқтатылды. Балама ретінде сотталғандарға олардың сұранысы бойынша телефон байланысы ұсынылады. Сонымен қатар, қызметкерлердің бөлмелері, сондай-ақ сотталушылар көп уақыт өткізетін орындар, атап айтқанда жатақханалар, ас үй және іс-шаралар өткізілетін бөлмелер әр төрт сағат сайын желдетіліп, тазартылып, дезинфекцияланады (Podrobno.uz, 26.03.2020).
- Тәжікстан мен Түрікменстан коронавирус тіркелмеген әлемдегі 20 елдің қатарында, ал олардың аймақтағы көршілері Ауғанстанда COVID-19-тің бірнеше жағдайы тіркелген. Екі елде де саяхаттар мен көпшілік іс-шараларға шектеулер қойылғанымен, Тәжікстан билігі Наурыз мерекесін кең көлемде тойлады. Түрікменстан жаппай тазарту және ақпараттық-түсіндіру науқандарын ұйымдастырды және пандемиядан зардап шеккен көрші Иранға азық-түлік пен медициналық өнімдерді жіберді (Newsweek, 27.03.2020).
- Татарстан Ұлттық музейінде «Мирас – Мұра. Татарстан – Қырым» атты ғылыми монографияның тұсаукесері өтті. Бұл еңбек Бұлғар қаласы және 1923-1929 жж. Татарстан мен Қырымда татар мәдениетінің зерттелуіне арналған. Татарстан Ғылым академиясының А.Х.Халиков атындағы Археология институты әзірлеген үш томдық кітапта татар халқының Еділ Бұлғариясы, Алтын Орда және байырғы татар мемлекеттері кезеңіндегі татар халқының мәдени мұрасын зерттеген экспедиция материалдары келтірілген (TWESCO, 24.03.2020).
- Бірлескен ғылыми жоба нәтижесінде қытайлық және қазақстандық археологтар Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ежелгі Рахат қаласын зерттеуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Қытайдың Шаньси провинциясының Археология институты мен Қазақстанның Есік мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы археологиялық қазба жұмыстарының үшінші кезеңі басталғанын хабарлады. Бұл жерден табылған тарихи жәдігерлер 1400-2400 жыл бұрынғы кезеңге жатады (TWESCO, 26.03.2020).
- Беларусь табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәліметінше, 2019 жылы елде қоғалдандыру науқаны аясында 550 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Жыл сайынғы ағаш отырғызу науқандары Беларусь еліне жасыл қала аумақтарын 2,592,3 гектарға ұлғайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, өткен жылы «Таза су корпусы» акциясы кезінде шамамен 1,200 км жағалаулар тазартылды (BeITA, 24.03.2020).